	2,55 (ластанудың орташа деңгейі)	1,93 (ластанудың орташа деңгейі)	<b>негізгі иондар</b>		
			Сульфаттар	137,0	1,4
			<b>биогенді заттар</b>		
			Фторидтер	1,5	2,0
			<b>ауыр металдар</b>		
			Мыс (2+)	0,004	4,0
			Мырыш	0,011	1,1
			Марганец (2+)	0,019	1,9
		<b>органикалық заттар</b>			

			Фенолы	0,002	2,0
Қарабалта өз. (Жамбыл обл.)	13,9 (нормативті таза)	12,3 (нормативті таза)	Еріген оттегі	12,3	-
	3,46 (ластанудың орташа деңгейі)	2,64 (нормативті таза)	ОБТ <sub>5</sub>	2,64	-
	3,13 (ластанудың жоғары деңгейі)	2,7 (ластанудың орташа деңгейі)	<b>негізгі иондар</b>		
			Магний	74,4	1,9
			Сульфаттар	298,0	3,0
			<b>биогенді заттар</b>		
			Нитритті азот	0,023	1,2
			Фторидтер	1,5	2,0
			<b>ауыр металдар</b>		
			Мыс (2+)	0,006	6,0
			Марганец (2+)	0,035	3,5
			<b>органикалық заттар</b>		
Фенолдар	0,002	2,0			
Тоқташ өз. (Жамбыл обл.)	13,5 (нормативті таза)	12,3 (нормативті таза)	Еріген оттегі	12,3	-
	2,98 (нормативті таза)	1,94 (нормативті таза)	ОБТ <sub>5</sub>	1,94	-
	1,78 (ластанудың орташа деңгейі)	2,28 (ластанудың орташа деңгейі)	<b>негізгі иондар</b>		
			Сульфаттар	308,0	3,1
			Магний	61,8	1,5
			<b>биогенді заттар</b>		
			Нитритті азот	0,040	2,0
			Фторидтер	0,84	1,1
			<b>ауыр металдар</b>		
			Мыс (2+)	0,004	4,0
			Марганец (2+)	0,033	3,3
			<b>органикалық заттар</b>		
Фенолдар	0,002	2,0			
Мұнай өнімдері	0,06	1,2			
Сарықау өз. (Жамбыл обл.)	13,1 (нормативті таза)	12,8 (нормативті таза)	Еріген оттегі	12,8	-
	13,7 (ластанудың өте жоғары деңгейі)	13,9 (ластанудың өте жоғары деңгейі)	ОБТ <sub>5</sub>	13,9	-
	2,65 (ластанудың орташа деңгейі)	3,36 (ластанудың жоғары деңгейі)	<b>негізгі иондар</b>		
			Магний	73,0	1,8
			Сульфаттар	332,0	3,3
			<b>биогенді заттар</b>		
			Нитритті азот	0,023	1,2
			Фторидтер	1,5	2,0
			Жалпы темір	0,28	2,8
			Аммоний азоты	0,61	1,2
			<b>ауыр металдар</b>		
			Мыс (2+)	0,016	16,0
Мырыш	0,036	3,6			
Марганец (2+)	0,028	2,8			
<b>органикалық заттар</b>					
Фенолдар	0,002	2,0			
Мұнай өнімдері	0,06	1,2			



Тасөткел су қоймасы (Жамбыл обл.)	13,2 (нормативті таза)	13,0 (нормативті таза)	Еріген оттегі	13,0	-
	2,66 (нормативті таза)	3,36 (ластанудың орташа деңгейі)	ОБТ <sub>5</sub>	3,36	-
	1,8 (ластанудың орташа деңгейі)	2,29 (ластанудың орташа деңгейі)	<b>биогенді заттар</b>		
			Нитритті азот	0,028	1,4
			<b>ауыр металдар</b>		
			Мыс (2+)	0,007	7,0
			Мырыш (2+)	0,016	1,6
			Марганец (2+)	0,042	4,2
<b>органикалық заттар</b>					
Мұнай өнімдері	0,06	1,2			
Сырдария өз. (Оңтүстік Қазақстан обл.)	12,1 (нормативті таза)	11,38 (нормативті таза)	Еріген оттегі	11,38	-
	2,38 (нормативті таза)	1,41 (нормативті таза)	ОБТ <sub>5</sub>	1,41	-
	2,65 (ластанудың орташа деңгейі)	2,60 (ластанудың орташа деңгейі)	<b>негізгі иондар</b>		
			Сульфаттар	432,5	4,3
			Магний	52,0	1,3
			<b>биогенді заттар</b>		
			Нитритті азот	0,040	2,0
			<b>органикалық заттар</b>		
Фенолдар	0,003	3,0			
Келес өз. (Оңтүстік Қазақстан обл.)	12,0 (нормативті таза)	11,80 (нормативті таза)	Еріген оттегі	11,80	-
	2,54 (нормативті таза)	1,90 (нормативті таза)	ОБТ <sub>5</sub>	1,90	-
	3,4 (ластанудың жоғары деңгейі)	3,28 (ластанудың жоғары деңгейі)	<b>негізгі иондар</b>		
			Сульфаттар	461,0	4,6
			Магний	58,05	1,5
			<b>органикалық заттар</b>		
Фенолдар	0,0035	3,5			
Бадам өз. (Оңтүстік Қазақстан обл.)	12,1 (нормативті таза)	11,85 (нормативті таза)	Еріген оттегі	11,85	-
	2,8 (нормативті таза)	2,1 (нормативті таза)	ОБТ <sub>5</sub>	2,1	-
	2,3 (ластанудың орташа деңгейі)	2,0 (ластанудың орташа деңгейі)	<b>негізгі иондар</b>		
			Сульфаттар	196,5	2,0
			<b>биогенді заттар</b>		
			Нитритті азот	0,03	1,5
<b>органикалық заттар</b>					
Фенолдар	0,0025	2,5			
Арыс өз. (Оңтүстік Қазақстан обл.)	12,9 (нормативті таза)	11,50 (нормативті таза)	Еріген оттегі	11,50	-
	2,2 (нормативті таза)	1,32 (нормативті таза)	ОБТ <sub>5</sub>	1,32	-
	1,6 (ластанудың орташа деңгейі)	2,15 (ластанудың орташа деңгейі)	<b>негізгі иондар</b>		
		Сульфаттар	125	1,3	

			<b>органикалық заттар</b>		
			Фенолдар	0,003	3,0
Ақсу өз. (Оңтүстік Қазақстан обл.)	-	10,55 (нормативті таза)	Еріген оттегі	10,55	-
	-	2,58 (нормативті таза)	ОБТ <sub>5</sub>	2,58	-
	-	1,50 (ластанудың орташа деңгейі)	<b>органикалық заттар</b>		
			Мұнай өнімдері	0,075	1,5
			Фенолдар	0,0015	1,5
Бөген өз. (Оңтүстік Қазақстан обл.)	12,3 (нормативті таза)	11,10 (нормативті таза)	Еріген оттегі	11,10	-
	1,7 (нормативті таза)	1,76 (нормативті таза)	ОБТ <sub>5</sub>	1,76	-
	0,00 (нормативті таза)	0,00 (нормативті таза)	-	-	-
Катта-Бугун (Оңтүстік Қазақстан обл.)	11,3 (нормативті таза)	10,40 (нормативті таза)	Еріген оттегі	10,40	-
	1,88 (нормативті таза)	1,23 (нормативті таза)	ОБТ <sub>5</sub>	1,23	-
	0,00 (нормативті таза)	0,00 (нормативті таза)	-	-	-
Шардара су қоймасы (Оңтүстік Қазақстан обл.)	13,8 (нормативті таза)	11,4 (нормативті таза)	Еріген оттегі	11,4	-
	2,9 (нормативті таза)	1,4 (нормативті таза)	ОБТ <sub>5</sub>	1,4	-
	2,23 (ластанудың орташа деңгейі)	2,23 (ластанудың орташа деңгейі)	<b>негізгі иондар</b>		
			Сульфаттар	519	5,2
			Магний	57,10	1,4
			<b>биогенді заттар</b>		
			Нитритті азот	0,029	1,4
			<b>органикалық заттар</b>		
			Фенолдар	0,002	2,0
Сырдария өз. (Қызылорда обл.)	6,05 (нормативті таза)	7,8 (нормативті таза)	Еріген оттегі	7,8	
	0,8 (нормативті таза)	1,1 (нормативті таза)	ОБТ <sub>5</sub>	1,1	
	2,25 (ластанудың орташа деңгейі)	2,60 (ластанудың орташа деңгейі)	<b>негізгі иондар</b>		
			Сульфаттар	433,3	4,3
			<b>биогенді заттар</b>		
			Жалпы темір	0,145	1,5
			<b>ауыр металдар</b>		
			Мыс(2+)	0,002	2,0
Арал теңізі (Қызылорда обл.)	5,24 (нормативті таза)	7,5 (нормативті таза)	Еріген оттегі	7,5	
	1,0 (нормативті таза)	1,2 (нормативті таза)	ОБТ <sub>5</sub>	1,2	

	таза)				
	2,43 (ластанудың орташа деңгейі)	2,33 (ластанудың орташа деңгейі)	<b>негізгі иондар</b>		
			Сульфаттар	420	4,2
			Магний	42,64	1,1
			<b>ауыр металдар</b>		
			Мыс (2+)	0,002	2,0

**2018 жылғы қаңтардағы Қазақстан Республикасы  
жер үсті суларының жоғары ластану және экстремалды жоғары ластану жағдайлары**

ҚР Энергетика министрлігінің Экологиялық мониторинг және ақпарат департаментіне ақпарат үшін, Экологиялық реттеу және бақылау комитетіне керекті іс-шаралар қабылдау үшін жедел түрде хабарланды.

Жер үсті суларында **12 су нысанында 17 ЖЛ және 5 ЭЖЛ жағдайлары**: Брекса өзені (2 ЖЛ жағдайы), Үлбі өзені (1 ЭЖЛ және 1 ЖЛ жағдайлары), Глубочанка өзені (1 ЖЛ жағдайы), Красноярка өзені (1 ЖЛ жағдайы), Ақбұлақ өзені (1 ЭЖЛ жағдайы), Кіші Шабакты көлі (3 ЖЛ жағдайы), Үлкен Шабакты көлі (1 ЖЛ жағдайы), Жөкей көлі (2 ЖЛ жағдайы), Елек өзені (3 ЖЛ жағдайы), Қылшықты өзені (2 ЭЖЛ және 1 ЖЛ жағдайлары), Шағалалы өзені (1 ЭЖЛ және 1 ЖЛ жағдайлары), Билікөл көлі (1 ЖЛ жағдайы) тіркелді.

5-кесте

**Жер үсті суларының жоғары ластану және экстремалды жоғары ластану жағдайлары**

Су объектілерінің атауы, бақылау орындары, тұстамалары	ЖЛ ж/е ЭЖЛ саны	Су сына мала рын алу күні, айы, жылы	Сарап тама жүргізу күні, айы, жылы	Ластаушы заттар			ҚР ЭМ ЭРБК қолданылған шаралары
				Атауы	Шоғыр, мг/дм <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі	
Брекса өзені, ШҚО, Риддер қаласы шегінде; Брекса өзені сағасынан 0,6 км (09)	2 ЖЛ	03.01.18	04.01.18	Мырыш (2+)	0,163	16,3	<b>«Казцинк» ЖШС Рудный тау-кен байыту кешені</b> Өндіріс орны ластаушы заттар көлемінің шығарылымын төмендету мақсатында келесі іс-шаралар жүргізеді: 1-Су ресурстарының ластануын, тартылуын және бітелуін тоқтатуға бағытталған іс-шаралар кешенін орындау.
				Марганец (2+)	0,146	14,6	
Үлбі өзені, ШҚО, Тишинск кеніші шахталық суларының шығарымынан 4,8 км төмен;	1 ЭЖЛ	03.01.18	04.01.18	Мырыш (2+)	1,240	124	

автокөлік көпірі маңында (09)	1 ЖЛ	03.01.18	04.01.18	Марганец (2+)	0,365	36,5	* Үлбі өзенін Тишинск кеніші және №2 тарихи үйінділері дренажды суларымен ластанудан тазарту мақсатындағы қолданылатын шаралар жүйесін қоса алғанда: - Тишинск кенішінің №2 тарихи үйінділер астындағы дренажды суды зиянсыз қылу жүйесін эксплуатациялау. Экологиялық эффект: ластаушы заттар шығарымын 20 тоннаға төмендету.
<b>Глубочанка өзені, ШҚО, Белоусовка ауылы, Белоусовка ауылы тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары шығарылымынан 0,5 км төмен; тікелей автокөлік көпірі маңында (09)</b>	1 ЖЛ	03.01.18	04.01.18	Марганец (2+)	0,119	11,9	2- Тазалаудың физикалық және химиялық тәсілдерімен тазалау имараттары құрылысын салу, қайта жөндеу және жаңарту. * Риддер-Сокольный кенішінің шахталық суларын тазалау имараттарын қайта құру бойынша, негізінен тазалауға дейін жаңа реагент (флокулянт) қолдану бойынша, жобалық шешімдерді іске асыру. Экологиялық эффект: Филипповка өзеніне (№3 шығарым) ластаушы заттар шығарымын 2013 жылғы фактіге 250 тоннаға төмендету.
<b>Красноярка өзені, ШҚО, Предгорное ауылынан 3 км жоғары, Березовка өзені құйылысынан 1 км төмен; автокөлік көпірі маңында (01)</b>	1 ЖЛ	03.01.18	04.01.18	Мырыш (2+)	0,353	35,3	3. Тазалаудың физикалық және химиялық тәсілдерімен тазалау имараттары құрылысын салу, қайта жөндеу және жаңарту. *Риддер-Сокольный кен орнының су құю кешенін карьерлік суларды пайдалану жүйесін және №5 шығарымды жоюды ұйымдастыра отырып, қайта құру, оның ішінде: -- карьер суының 80 % көлемін кен байыту фабрикасы су айналымы жүйесіне беру; -- Риддер-Сокольный кенішінде карьер суларының 20 % кеніштің технологиялық үрдісіне қайтадан пайдалануды қамтитын ұйымдастыру іс-шараларын орындау; 4- Экологиялық зерттеулер жүргізу, өндіріс әрекетінің мүмкін кері әсерін анықтау және бағдарлама әзірлеу. *Өнеркәсіп қызметінің әсеріндегі аймақта жер үсті және жер асты суларының жай-күйіне

						<p>бақылау мониторингін жүргізу.</p> <p>5-Ағынды суларды тазалау бойынша және тазалауға дейін қолданатын құрылғыларды жасау, қайта құру, жаңарту.</p> <p>*Тиімді жұмыс үшін Шубинск кенішінің компрессор ағынды суларын мұнай өнімдерінен тазалау үшін қосымша фильтрді жөндеу.</p> <p>Экологиялық эффект:</p> <p>Шығарым көлемін 1 кг төмендету.</p> <p>6- Ағынды суларды тазалау бойынша және тазалауға дейін қолданылатын құрылғыларды жасау, қайта құру, жаңарту (п.2,5)</p> <p>*Топ жәшіктің сүзгіш қасиетін арттыру бойынша оларды Филлиповка өзенімен қосылуына дейін дренаж суларының шығарымы бұлағымен орналастыру арқылы жұмыстар орындау.</p> <p>Экологиялық эффект:</p> <p>Шығарым көлемін 50 кг-ға азайту.</p> <p>«Қазцинк» ЖШС таңдаулы тексеріс нәтижелері бойынша талдау қорытындысан сәйкес, су сынамаларында шекті шоғырдан асу анықталды.</p> <p><b><u>«Қазцинк» ЖШС Рудный тау-кен байыту кешені</u></b></p> <p><b>Мартынов бұлағына №1 шығарым – Шубинск кеніші шахталық суларын тазалау имараттарының ағындары.</b></p> <p>2017 жылғы 14 желтоқсандағы №3-3-1-02/63 ағынды сулар мен табиғи сулар сынамаларын сынау хаттамаларына сәйкес Мартынов бұлағына Шубинск кеніші шахталық суларын тазалау имараттарының ағындары түсетін №1 шығарымындағы су сынамасында рұқсат нормадан тұзды аммоний мөлшері 30 есе, нитриттер 33,5 есе, мұнай өнімдері 3,2 есе, мырыш иондары 5 есе асқаны анықталды.</p> <p><b>Зухорд бұлағына №3 шығарым – РСМ тазаланған шахталық сулары;</b></p>
--	--	--	--	--	--	---

						<p>2017 жылғы 14 желтоқсандағы №3-3-1-02/63 ағынды сулар мен табиғи сулар сынағаларын сынау хаттамаларына сәйкес РСМ тазаланған шахта суларыан №3 шығарымның су сынағамасында рұқсат нормадан тұзды аммоний мөлшері 3,2 есе, нитриттер 6,5 есе, сульфаттар 1,2 есе, мұнай өнімдері 1,2 есе артқан.</p> <p><b>Филипповка өзеніне №14 шығарым – Чашинский қалдық орнының дренаж сулары тазаланған соң келетін ағын.</b> 2017 жылғы 14 желтоқсандағы №3-3-1-02/63 ағынды сулар мен табиғи сулар сынағаларын сынау хаттамаларына сәйкес Чашинский қалдық орнының дренаж сулары тазаланған соң Филипповка өзеніне келетін ағын №14 шығарымы бойынша рұқсат нормадан тұзды аммоний мөлшері 2,1 есе, сульфаттар 3,5 есе, мырыш иондары 177 есе, марганец 37 есе артқан.</p> <p><b>Үлбі өзеніне №10 шығарым</b> – тазалаудан кейінгі Тишинск кенішінің шахталық сулары; 2017 жылғы 14 желтоқсандағы №3-3-1-02/63 ағынды сулар мен табиғи сулар сынағаларын сынау хаттамаларына сәйкес қалқыма заттар 1,5 есе, тұзды аммоний 5 есе, нитриттер 14,2 есе, сульфаттар 1,7 есе, мырыш иондары 5 есе және марганец 35 есе ластаушы заттар шығарымының нормативті көлемінен асқаны анықталды.</p> <p>Бұл құқық бұзушылық ҚРК Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша 328 бапқа жатады. 328 бап бойынша әкімшілік іс материалдары қылмыстық әрекетті анықтау үшін Риддер қ. Ішкі істер бөліміне жіберілді. Шығын көлемі – 1 175 548 теңге.</p> <p>Жоғарыда аталған шығарымдар бойынша жыл бойы нормадан асу жағдайлары қайталанған. Бұл құқық бұзушылық ҚРК Әкімшілік құқық</p>
--	--	--	--	--	--	---

						<p>бұзушылық бойынша 326 бапқа жатады. Айыппұл көлемі - 1 134 500 теңге.</p> <p><b><u>РМК «Казцинк» ЖШС</u></b></p> <p>1-№1 біріккен цех өндіріс үрдістерінде пайдаланатын өнеркәсіптік суларды қайтадан пайдалануға арналған суға ауыстыру, нәтижесінде ағынды сулар шығарымы көлемін азайту (п.2.3.).</p> <p>Экологиялық эффект: 0.04 тонна (ағынды сулардағы ластаушы заттардың соммасы).</p> <p>2- еріту және вельокиси процесі кезінде түтінтартқы, вакуум-насос, кептіргіш барабандар желтартқыштарды және конденсат буын суыту кезінде қолданатын су шығарылымын ауыстыру (п. 2.3)</p> <p>Экологиялық эффект: 0.01 тонна (ағынды сулардағы ластаушы заттардың соммасы)</p> <p>3- айналмалы, құнарлы және конденсатты насостарды (№1 және №2 вельц. цехатар) суытуды айналмалы сумен қамтамасыз етуге ауыстыру, одан кейін № 6 насосқа жіберумен (п. 2.3)</p> <p>Экологиялық эффект: 0.025 тонна (ағынды сулардағы ластаушы заттардың соммасы).</p> <p>4- Таурит маркалы «Шунгитты» қолану арқылы (№7, № 8 шығарылым) ағынды сулары тазартуға дейінгі әдістерін енгізу (п.2.1)</p> <p>Экологиялық эффект: 0.043 тонна (ағынды сулардағы ластаушы заттардың соммасы).</p> <p>«Востокцветмет» ЖШС 2015 жылы Глубочанка және Красноярка өзендерінің жағдайын жақсарту үшін келесі шаралар ұйымдастырылды:</p> <p>– ағынды суларды тазалау имараттарын, тазалауға дейінгі имараттарды және ағынды суларды шығару мен қабылдағыш имараттарын</p>
--	--	--	--	--	--	---



						<p>салу, қайта құрастыру, жаңарту:</p> <p>* «Белоусов өндіріс алаңының өндірістік нөсер канализациясы» жұмыс жобасын іске асыру.</p> <p>- су ресурстарының ластануын, бітелуін және тартылуын болдырмауға бағытталған технологиялық, гидротехникалық, санитарлы өзге де іс-шаралард кешенін жүзеге асыру.</p> <p>*Мониторинг желілеріндегі бақылау скважиналарын айдау.</p> <p>Жер үсті және жер асты суларының қалдық орындарға шахта және ұңғыма суларымен ластануын алдын алу шараларын орындау:</p> <p>*Ашық тұрған дренаж орларын, дренаж құбырларын насостан СВ-5 шығарымына (қалдық сақтау орнына дренаж суларының қайта жіберуі):</p> <p>* Қалдық сақтау орнындағы дренаж арығындағы су деңгейін бақылау:</p> <p>- дренажды, шахталық және нөсер суларын, шаруашылық-тұрмыстық, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық ағын суларын және гидрошлам қалдықтарын, флотация қалдықтарын (шлам тоғандары, тұндырғыштар, күл үйіндісі, булану тоғандары) тасымалдау үшін желілерді құру, қайта құру, жаңарту:</p> <p>* Қалдық орындарында жабдықтар жұмысында кемшіліктерді анықтау және жою (насостар, құбырлар).</p> <p>*Қалдық орындары дренажды насос стансасының үздіксіз жұмысынқамту үшін дренаж насостардың сору құбырларының кері қақпағын ауыстыру.</p> <p>*қалдық орындарындағы апаттық құрылыстардың істен шығуын болдырмау мақсатында сору құбырларын, бұрып айдайтын құбырларды ауыстыру.</p> <p>- ағынды суларды тазалау имараттарын, тазалауға дейінгі имараттарды және ағынды</p>
--	--	--	--	--	--	--

						<p>суларды шығару мен қабылдағыш имараттарын салу, қайта құрастыру, жаңарту:</p> <p>* «Ертіс өндіріс алаңының өндірістік нөсер канализациясы» жұмыс жобасын іске асыру</p> <p>- су ресурстарының ластануын, бітелуін және тартылуын болдырмауға бағытталған технологиялық, гидротехникалық, санитарлы өзге де іс-шаралард кешенін жүзеге асыру.</p> <p>* Мониторинг желілеріндегі бақылау скважиналарын айдау.</p> <p>Келесі кәсіпорындарға таңдаулы тексеріс ашылды:</p> <p>- «Востокцветмет» ЖШС Артемьев өндірістік кешені</p> <p><b>(2017 жылғы 16 қазандағы №49 таңдаулы тексерісті тағайындау туралы акт)</b></p> <p>- «Востокцветмет» ЖШС Ертіс өндірістік кешені</p> <p><b>2017 жылғы 16 қазандағы №50 таңдаулы тексерісті тағайындау туралы акт)</b></p> <p>«Востокцветмет» ЖШС Ертіс өндірістік кешені Белоусов шахтасы, Белоусовка ауылы (шахталық ағынды суларды тазалау имаратынан Глубочанка өзеніне № 1 шығарым). 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №3-3-1-02/72 ағынды сулар мен табиғи сулар сынамаларын сынау хаттамаларына сәйкес сульфаттар 3 есе, нитраттер 6,5 есе, нитриттер 1,9 есе, марганец 1,4 есе, кальций 1,2 есе рұқсат берілген концентрациядан асқаны анықталды.</p> <p>«Востокцветмет» ЖШС Ертіс өндірістік кешені Ертіс шахтасы, Алтай ауылы (№2 шахталық ағынды суларды тазалау имаратынан Красноярка өзеніне № 2 шығарым).</p> <p>2017 жылғы 29 желтоқсандағы №3-3-1-02/73 ағынды сулар мен табиғи сулар сынамаларын сынау хаттамаларына сәйкес Красноярка өзеніне түсетін тазаланған шахталық сулардың</p>
--	--	--	--	--	--	---

							№ 2 шығарымында тұзды аммоний 131,4, хлоридтер 1,4 есе, сульфаттар 17,2 есе, нитриттер 8 есе, мұнай өнімдері 40 есе, марганец ионы 1,6, мырыш ионы 3,3, кальций 6 және магний 1,9 есе рұқсат берілген концентрациядан асқаны анықталды. Тексеріс аяқталғаннан кейінгі нәтижелер жөнінде қосымша хабарланатын болады.
<b>Кіші Шабакты көлі</b> , Ақмола облысы, Ақылбай ауылы	3 ЖЛ	04.01.18	05.01.18	Фторидтер	14,1	18,8	Щучье–Бурабай курортты аймағындағы: Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Майбалық, Сұлукөл, Қатаркөл, Текекөл, Жөкей көлдерінің суларында фторидтердің және минералды құрамның ингредиенттердің (сульфаттардың, магнийдің, хлоридтердің) жоғары мөлшері табиғи-климаттық факторлар болып табылады. «Солтүстікқазжерқойнауы» Аймақаралық Департаменті ұсынған мәліметтері бойынша фтор мөлшерінің аномалды және жоғары болуы гранитоидтық массивті Бурабай және Жөкей көлдеріндегі жер асты суларына тән құбылыс. Фторидтердің жоғары концентрациясы мен тұзды құрамдағы ингредиенттердің жоғары концентрациясы табиғи факторға байланысты болғандықтан, оны болдырмау үшін шаралар қабылдау мүмкін емес, себебі жер үсті суларының оңтайлы деңгейін сақтауға септігін тигізетін грунттық және жер үсті суларының келімін тоқтатудың ешқандай әдістері жоқ. Жер үсті суларының фторидтер және басқа да құрамдас жоғары мазмұндағы табиғи сипаты Қазақстан Республикасының Минералды ресурстар академиясының ғылыми-зерттеу академиясының «Қазақстан Республикасы минералдық ресурстар академиясы Солтүстік Қазақстан филиалының төрағасы, Қазақстан Республикасы АМР В.К.Дайнеко, гидрогеология және жер асты суларын бақылау департаментінің директоры, «Геобайтинф»
				Магний	403	10,1	
				Сульфаттар	1229	12,3	
<b>Үлкен Шабакты көлі</b> , Ақмола облысы, Бурабай кенті	1 ЖЛ	04.01.18	05.01.18	Фторидтер	14,1	18,8	
<b>Жөкей көлі</b> , Ақмола облысы, Жукей ауылы	2 ЖЛ	04.01.18	05.01.18	Магний	514	12,8	
				Сульфаттар	2440	24,4	

							<p>ЖШС бас маманы »А.Б.Досумов, геология-минералогия ғылымдарының профессоры, «Су ресурстары және қоршаған ортаны қорғау саласындағы зерттеулер» жобасының жетекшісі, мақсатты қаржыландыру бағдарламасы бойынша: 2014-2016 жылдарға арналған «Энергия үнемдеу және энергияны сақтау, жаңартылатын энергия көздері және қоршаған ортаны қорғау саласындағы зерттеулер мен әзірлемелер», Назарбаев Университетінің Астана ұлттық зертханасы, Ж.Сағынтаев зерттеулерінде расталған.</p> <p>Талдау көрсеткендей, ластанудың өте жоғары деңгейінің негізгі себептеріне қолайсыз табиғи-геохимиялық және климаттық жағдайлар болып табылады, сондай-ақ жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындарының санының ұлғаюы есебінен гидрогеологиялық жүктеменің ұлғаюы, ЩБКА-ның туристік инфрақұрылымын дамыту есебінен су ресурстарына (жер үсті және жер асты) деген сұранымның өсуі болып отыр.</p>
<b>Ақбұлақ өзені</b> , Астана қ., 1 темір жол көпірі астында	1 ЭЖЛ	03.01.18	03.01.18	Еріген оттегі	0,0		зертханалық және аналитикалық бақылау бөлімінің Ақбұлақ өзеніне 1 теміржол көпірі астындағы 2018ж. 08.01 болған жолсапары бойынша суда ерітілген оттегінің концентрациясы 7,3 мг/дм <sup>3</sup> болып, норма шегінде екенін хабарлайды.
<b>Елек өзені</b> , Ақтөбе облысы, Алға қаласынан 0,3 км жоғары, Ақтөбе химиялық зауытының шлам тоғандарынан 1 км жоғары	1 ЖЛ	04.01.18	05.01.18	Бор (3+)	0,182	10,7	Экология департаментімен су ресурстарының бормен ластануы бақыланатын Алға ауданы және Елек трансшекаралық өзені ағысымен төмен қарай интенсивті ластану орналасқан бөлігінде жер үсті (бұрынғы АХК зауытының өнеркәсіп алаңы орналасқан аумағы) және жер асты суларының экологиялық жағдайының қанағаттандырылмағаны жөніндегі ақпарат үнемі ұсынылады.
<b>Елек өзені</b> , Ақтөбе облысы, Алға қаласынан 15 км төмен, жер асты суларының шығуынан 0,5 км төмен	1 ЖЛ	04.01.18	05.01.18	Бор (3+)	1,33	78,2	Қоршаған орта ластануының фактісі 1941 жылы

<p><b>Елек өзені</b>, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 0,5 км жоғары, Новороссийск көпірінен 8 км жоғары, Қарғалы өз. құйылысынан 11,2 км жоғары</p>	1 ЖЛ	04.01.18	05.01.18	Бор (3+)	0,237	13,9	<p>Ақтөбе облысы С. М. Киров атындағы химзауыттың енгізілуінен басталды, ол 1964 жылға дейін тікелей Елек өзеніне ластанған өнеркәсіп ағынды суларын төккен, 1964-1980 жж. ластанған пайдаланған суларды фильтрацияға қарсы экрансыз қалдық жинаушыларған жіберілді. Қазіргі таңда бормен ластанған жер асты суларының жалпы ауданы 21,1 км<sup>2</sup> құрайды (2006ж. деректер). Комиссия шешімі бойынша жер үсті және жер асты сулардың бормен ластануы <b>тарихи</b> болып есептелінеді, Ақтөбе облысы жер үсті және жер асты суларын бормен ластанушы көзінің жойылуы және қаржыландыру Республикалық бюджет есебінен жүргізіледі, қаржы көлемі белгісіз және жұмыстар жүргізілмеген.</p> <p>«2014-2020 жылдарға арналған Қазақстан су ресурстарын басқарудың Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру іс-шараларының жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы жобасына сәйкес, Экология департаментімен «2020 жылға дейін 20 су нысанына арналған су ластану деңгейінің төмендеуі» 5 мақсатты индекатордың көрсеткіш нәтижелерін анықтау мақсатында Елек өзенін ластанған су нысандары тізіміне енгізу туралы ұсыныс жасалды.</p> <p>Департамент Елек өзенін тазарту жөнінде мәселе бірнеше рет көтерілді. Елек өзенінің бормен ластануы бойынша инспекторлық шара қолдану мүмкін емес. Департамент зерттеу зертханасы өз кезегінде Елек өзенінің гидрохимиялық көрсеткіштері бойынша ай сайынғы бақылау жұмыстарын жүргізеді.</p>
<p><b>Билікөл көлі</b>, Жамбыл облысы, Әбдіқадір ауылынан 2 км</p>	1 ЖЛ	10.01.18	15.01.18	ОБТ <sub>5</sub>	15,9		<p>Билікөл көлінің ластану себебі тарихи болып табылады, яғни 1981 жылы Химпром фосфор зауытының бақылау тоғандарынан Талас және Аса каналдары арқылы Аса өзенімен апаратын</p>

							шартты таза шайынды су Билікөл көліне төгілген. ҚР Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті төрағасының м.а мен ҚР Энергетика министрлігінің «Қазгидромет» РМК бас директоры арасындағы өзара әрекеттестік тәртібін бекіту туралы 2017 жылғы 15 қыркүйегіндегі № 65 бұйрығына сәйкес, Жамбыл облысы бойынша экология департаменті және «Қазгидромет» РМК Жамбыл облысы бойынша филиалы арасында бірлесіп жер беті суларына зертханалық сынама жасау жоспары келісілген. Осы жоспарға сәйкес департаменттің сынақтау зертханасы 2017 жылы 4 рет «Қазгидромет» мекемесінің Жамбыл облысы бойынша филиалы зертханасымен бірлесіп сынама алу арқылы Билікөл көліне бақылау жүргізді. Зертханалық сынақтау жұмысының қорытындысы бойынша көл суында Оттегінің биохимиялық қажеттілігі рұқсат берілген шектен - 2 есе, аммоний азоты - 1,2 есе, фторидтер 1,4 есе және сульфаттардың 1,02 есе асқаны тіркелген болатын.
<b>Қылшықты өзені</b> , Көкшетау қаласы, Кірпіш зауыты ауданында	1 ЭЖЛ	15.01.17	16.01.17	Марганец (2+)	5,99	599,0	Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 18, 112 баптарына сәйкес табиғатты қорғау мемлекеттік органдарының арасында өзара іс-қимыл шеңберінде барлық ЖЛ жағдайлары бойынша ақпарат «Есіл бассейндік инспекциясы» РММ, арнайы уәкілетті органдарға себебін зерттеу және тиісті шара қабылдау үшін жіберілді. Департамент Қылшықты және Шағалалы (Шағалалы) су объектілерінің жағалаулық аймағын зерттеді, антропогендік әсер анықталмады. Бұл ингредиенттер негізінен табиғи сипатта болады, бұл су қоймаларының белгіленген табиғи байлығына байланысты,
	1 ЖЛ	15.01.17	16.01.17	Жалпы темір	1,729	17,3	
<b>Қылшықты өзені</b> , Ақмола облысы, Аққу бала-бақшасы ауданы	1 ЭЖЛ	15.01.17	16.01.17	Марганец (2+)	2,63	263,0	
<b>Шағалалы өзені</b> , Ақмола облысы, Заречное ауылы	1 ЭЖЛ	15.01.17	16.01.17	Марганец (2+)	1,52	152,0	
<b>Шағалалы өзені</b> , Ақмола облысы, Красный Яр ауылы	1 ЖЛ	15.01.17	16.01.17	Марганец (2+)	0,72	72,0	

							<p>аталған аудандарда өндірістік қызмет жоқ.</p> <p><b>Қылшақты өзені</b> – Қала маңынан өтетін Қылшақты өзенінен балшықты шөгіндіні тазарту үшін ТЭО жасалынды. Жоба аясында өзеннің арнасын қоқыстан, батпақты-сулы өсімдіктерден тазарту, өзен жағалауын бетонды плиткалармен көмкеру, түбін тереңдету жұмыстары, өзен жағалауын аббаттандыру кіреді.</p> <p><b>Шағалалы ө.</b> – жоғары концентрацияның болуы осы көлдің орын алған табиғи фоньмен негізделеді.</p>
--	--	--	--	--	--	--	---

**Барлығы 12 су нысанында 17 ЖЛ және 5 ЭЖЛ жағдайлары**

## **Қазақстан Республикасы бойынша атмосфераның жерге жақын қабатындағы радиациялық жағдайы**

Қазақстан Республикасы аумағында гамма-фон (экспозициялық мөлшердің қуаттылығы) күн сайын 85 метеорологиялық станцияларында (14 облыстармен Астана, Алматы қалаларында), сондай-ақ атмосфералық ауаның ластану мониторингіне экспозициялық мөлшердің қуаттылығына өлшеу автоматты режимде 23 автоматты бекетте жүргізілді: Ақтөбе (2), Талдықорған (1), Құлсары (1), Орал (1), Ақсай (1), Қарағанды (1), Теміртау (1), Қостанай (2), Рудный (2), Қызылорда (1), Ақай кенті (1), Төретам кенті (1), Жанаөзен (2), Павлодар (2), Ақсу (1), Екібастұз (1), Түркістан (1) (6-сур.).


Қазақстан Республикасының елді-мекендердегі атмосфераның жерге жақын қабатындағы гамма-фонның орташа мәні 0,01 – 0,29 мкЗв/сағ. аралығында болды. Қазақстан Республикасында радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

## **Қазақстан Республикасы бойынша атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қазақстанның 43 метеорологиялық станцияларда (14 облыстары пен Астана мен Алматы ққ.) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (6-сурет). Барлық станцияларда бестәуліктік сынамаларды алу жүргізілді.

ҚР аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6 – 1,8 Бк/м<sup>2</sup> аралығында болды. ҚР аумағында радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.





6-сурет. Қазақстан Республикасының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулерге бақылау метеостанцияларының орналасу сызбасы

# 1 Ақмола облысының қоршаған орта жай-күйі


## 1.1 Астана қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (1.1-сур., 1.1-кесте).

1.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Жамбыл к-сі, 11	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутегі
2			Республика даңғылы, 35, №3 мектеп	
3			Тельжан Шоаңұлы к-сі, 47, орман зауыты ауданы	
4			Бөгенбай батыр даңғылы, 69, «Шапағат» коммуналдық базары	
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тұран даңғылы, 2/1, орталық құтқару станциясы	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
6			Ақжол көшесі, «Астана тазалық» ағынды сулар тұндырғышы ауданы	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
7			Түркістан к-сі, 2/1, «НЗМ» ауданы	азот оксиді



1.1-сурет. Астана қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау бекетінің деректері бойынша (1.1-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі өте жоғары болып бағаланды, СИ=17 (өте жоғары деңгей) фторлы сутегімен №1-бекет аумағында (Жамбыл к-сі, 11), ЕЖҚ=49,3 % (жоғары деңгей) азот диоксидімен №4-бекет аумағында (Бөгенбай батыр даңғылы, 69, «Шапағат» коммуналдық базары).

БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштерің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) орташа айлық шоғырлары – 1,5 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, азот диоксиді – 1,9 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды бірлік шоғырлары – 2,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 2,9 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,9 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірт диоксиді – 1,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді-2,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 3,7 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фторлы сутегі – 17,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

№1-бекет аумағында фторлы сутегі бойынша (17,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>) 1 Жоғары ластану (ЖЛ) жағдайы тіркелгенді.

## 1.2 Астана қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Астана қаласында атмосфералық ауаның ластануын бақылау 3 нүктеде жүргізілді (№1 нүкте-ТК Зеленый квартал, №2 нүкте-№2 қалалы аурухана, №3 нүкте-ұлттық музей).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), азот диоксидінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, фторлы сутегінің шоғыры өлшенді.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды бірлік шоғырлары – 1,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірт диоксиді – 2,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді - 2,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фторлы сутегі – 7,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, азот диоксидінің шоғыры ШЖШ-дан аспады (2.2-кесте).

2.2 кесте

Астана қаласының эпизодтық максималды ластаушы заттардың бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Өлшенген заттар	1 нүкте		2 нүкте		3 нүкте	
	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> ПДК	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> ПДК	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> ПДК
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,5	1,0	0,05	0,1	0,05	0,1
Күкірт диоксиді	1,42	2,8	0,009	0,02	0,01	0,02
Азот диоксиді	0,16	0,81	0,09	0,5	0,09	0,56
Фторлы сутегі	0,141	7,1	0,001	0,1	0,001	0,1
Көміртегі оксиді	11,1	2,2	2,5	0,5	3,7	0,7

### 1.3 Көкшетау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Көкшетау қаласында атмосфералық ауа жай-күйіне мониторинг жүргізу үшін 2 стационарлық бекет жұмыс істейді (1.2 сурет, 1.2 кесте).

Кесте 1.2

Анықталатын қоспалар және бақылау бекетінің орналасуы

Бекет нөмері	Іріктеу уақыты	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қолмен іріктеу (дискретті әдістер)	<i>Ескі әуежай, метеостанция аймағы</i>	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот оксиді және диоксиді
2	әр 20 минут сайын	үздіксіз режимде	<i>Вернадский көшесі, 46 Б</i>	қалқыма бөлшектер РМ 2,5, қалқыма бөлшектер РМ 10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот оксиді және диоксиді



1.2 сурет. Көкшетау қаласының атмосфералық ауаның ластануына бақылау жүргізетін стационарлық желісінің орналасу схемасы

**Ауа ластануын жалпы бағалау.** Тұрақты бақылау желісіне сәйкес (1.2 сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластанудың **төмен деңгейімен** сипатталады, ЕЖҚ = 0%; СИ мәні 1 (1-кесте).

Азот оксидінің орташа концентрациясы 1,7 ШЖШ<sub>о.а.</sub> құрады. Қалқыма бөлшектердің максималды-бір реттік концентрациясы 1,1 ШЖШ<sub>о.а.</sub> құрады, қалған ластанушы заттардың шорғырлары ШЖШ-дан аспады.


## 1.4 Степногорск қаласының атмосфералық ауаның ластану жағдайы

Степногорск қаласында атмосфералық ауа жай-күйіне мониторинг жүргізу үшін 1 стационарлық станция бар (1.3 сурет, 1.3 кесте).

1.3 кесте

Анықталатын қоспалар және бақылау бекетінің орналасуы

Бекет нөмері	Іріктеу уақыты	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үздіксіз режимде	№1 шағын ауданы	қалқыма бөлшектер РМ-2,5, қалқыма бөлшектер РМ-10, көміртек оксиді, азот оксиді және диоксиді, аммиак, озон



1.3 сурет. Степногорск қаласының атмосфералық ауаның ластануына бақылау жүргізетін стационарлық желісінің орналасу схемасы

**Ауа ластануын жалпы бағалау.** Тұрақты бақылау желісіне сәйкес (1.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластанудың **төменгі деңгейімен** сипатталады, ол СИ мәні 0 және ЕЖҚ = 0% анықталды.

Орташа және максималды-бір реттік ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады(1-кесте).

## 1.5 Щучинск-Бурабай курортты аймағындағы (ЩБКА) атмосфералық ауаның ластану жағдайы

ЩБКА аймағында атмосфералық ауа жай-күйін бақылау 8 стационарлық бекетте өткізілді( 1.4 сурет, 1.4 кесте).

## Анықталатын қоспалар және бақылау бекетінің орналасуы

Бекет нөмері	Іріктеу уақыты	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Автоматты түрде	ауа мониторинг комплексті станциясы (АМКС) «Бурабай»	қалқыма бөлшектер (шаң), қалқыма бөлшектер РМ 2,5, қалқыма бөлшектер РМ 10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот оксиді және диоксиді, озон (жер беті), күкіртсутегі, аммиак, көміртегі диоксиді
2			Бурабай ауылының мектебі аумағында	
3			«Щучинск» санаториі	
4			Щучье қаласының №1 мектебі аумағында	
5			Шоссейная көшесі, №171 үй аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), қалқыма бөлшектер РМ 2,5, қалқыма бөлшектер РМ 10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот оксиді және диоксиді, озон (жер беті), күкірт сутегі, аммиак, көміртегі диоксиді
6			Абылайхан атындағы алаң, Бурабай ауылынан 6 км МҰТП Бурабай шекарасы	
7			Үлкен Шабакты көлінің солтүстік жағалауы, МҰТП Бурабай шекарасы, Бурабаймет еостанциясы аумағында	
8			Сарыбулак ауылы, ЖШС «АВИАЛЕСОХ РАНЫ» аумағында	



1.4-сурет. ЩБКА аумағындағы атмосфералық ауаның ластануына бақылау жүргізетін стационарлық желісінің орналасу схемасы

***Боровое» КФМС атмосфераның ластануын жалпы бағалау.***

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.4-сур.), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ= 0% мәндерімен анықталды (1.2 - сур.).

Озонның (жер беті) орташа концентрациясы 1,4 ШЖШ<sub>о.а.</sub> құрады, максималды-бір реттік ластаушы заттардың шоғырлануы ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

***Щучинск-Бурабай курортты аймағының (ЩБКА) ауа ластануын жалпы бағалау.***

Стационарлық бақылау желісінің мәліметтері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** болып сипатталды, ол СИ 1 тең және ЕЖҚ = 0% мәндерімен анықталды.

Озонның орташа (жер беті) концентрациясы 1,6 ШЖШ болды. Максималды-бір реттік РМ 2,5 қалқыма бөлшектерінің шоғыры 1,4 ШЖШ, РМ 10 қалқыма бөлшектері - 1,3 ШЖШ құрады, қалған ластаушы заттардың концентрациясы ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

***Сарыбұлақ кенті атмосфералық ауа ластануын жалпы бағалау.***

Стационарлық бақылау желісінің мәліметтері бойынша (1.4 сур.) кентте атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** болып сипатталды, ол СИ 1 тең және ЕЖҚ = 0% мәндерімен анықталды.

Озонның орташа (жер беті) концентрациясы 2,2 ШЖШ құрады, максималды-бір реттік ластаушы заттардың концентрациясы ШЖШ-дан аспады.

## 1.6 Ақмола облысының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Ақмола облысы, Калачи ауылында атмосфералық ауаның ластануын бақылау 2 нүктеде жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиак, формальдегид, көмір сутектері өлшенді.

Бақылау деректері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (1.5 – кесте).

1.5 кесте

Ақмола облысы Калачи ауылының эпизодтық максималды ластаушы заттардың бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Өлшенген заттар	1 нүкте		2 нүкте	
	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> ПДК	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> ПДК
Аммиак	0,01990	0,09952	0,01934	0,09669
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,06568	0,13136	0,06900	0,13801
Азот диоксиді	0,01025	0,05124	0,01162	0,05809
Күкіртдиоксиді	0,00554	0,01109	0,00458	0,00916
Азот оксиді	0,02966	0,07415	0,03548	0,08870
Көміртек оксиді	3,44210	0,68842	2,67990	0,53598
Көмірсутектер	48,33		47,61	
Формальдегид	0,00000	0,00000	0,00000	0,00000

## 1.7 Ақмола облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Ақмола облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 18 су нысанында (Есіл, Нұра, Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Беттібұлақ, Қылшықты, Шағалалы өзендері, Нұра-Есіл арнасы, Вячеславское суқоймасы, Қопа, Зеренді, Бурабай, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Щучье, Карасье, Сұлукөл, Жөкей көлдері) жүргізілді.

Есіл өзені Қарағанды облысындағы Нияз тауларынан бастау алады. Сарыбұлақ, Ақбұлақ өзендері – Есіл өзенінің оң жақ салалары. Есіл өзенінде Вячеславское суқоймасы орналасқан. Сұлтанкелді көлі Қорғалжын қорығының біркөлі болып саналады. Қопа және Зеренді көлдері Есіл өзені бассейніне кіреді. Бурабай, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Щучье, Карасье, Сұлукөл көлдері Щучинск-Бурабай курорттық аймағы (ЩБКА) аумағында орналасқан.

Есіл өзені суының температурасы 0°С болды, сутегі көрсеткіші – 7,81, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,74 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,03 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,8 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 1,2 ПДК), ауыр металдар (мыс (2+) – 1,2 ШЖШ, мырыш (2+) – 2,4 ШЖШ, марганец (2+) – 1,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.



**Ақбұлақ** өзенінде су температурасы 0°С болды, сутегі көрсеткіші – 7,72, судағы еріген оттегінің шоғыры – 7,90 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 8,23 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар – 2,1 ШЖШ, магний – 1,1 ШЖШ, хлоридтер – 1,2 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 3,3 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) – 3,8 ШЖШ, мыс (2+) – 2,2 ШЖШ, марганец (2+) – 1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Сарыбұлақ** өзенінде су температурасы 0°С болды, сутегі көрсеткіші – 7,61, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,04 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 4,89 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,2 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,8 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) – 4,9 ШЖШ, мыс (2+) – 1,2 ШЖШ) бойынша нормадан асуы байқалды.

**Нұра** өзенінде су температурасы 0°С болды, сутегі көрсеткіші – 7,52, судағы еріген оттегі шамасы – 5,94 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,34 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар – 3,1 ШЖШ, магний – 1,5 ПДК, хлоридтер – 1,1 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 4,9 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) – 1,9 ШЖШ, мыс (2+) – 1,7 ШЖШ, марганец (2+) – 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды.

**Нұра-Есіл** арнасы суының температурасы 0°С болды, сутегі көрсеткіші – 7,37, судағы еріген оттегі шамасы – 3,16 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,91 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (кальций – 1,1 ШЖШ, сульфаттар – 8,7 ШЖШ, магний – 2,6 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,9 ШЖШ, нитритті азот – 6,7 ШЖШ, фторидтер – 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 2,5 ШЖШ, марганец (2+) – 1,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды.

**Вячеславское** су қоймасында су температурасы 0°С болды, сутегі көрсеткіші – 7,95, судағы еріген оттегінің шоғыры – 12,90 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,41 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,2 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 1,8 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 1,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шамадан асқандығы тіркелді.

**Қылшықты** өзені суының температурасы 0 °С, сутегі көрсеткіші 7,52, судағы еріген оттегінің шоғыры – 3,77 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,06 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (нитритті азот – 1,4 ШЖШ, жалпы темір – 10,3 ШЖШ, фторидтер – 1,8 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+)– 431,0 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

**Шағалалы** өзені суының температурасы 0°С, сутегі көрсеткіші 7,36, судағы еріген оттегінің шоғыры – 6,15 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,07 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (нитритті азот – 1,2 ШЖШ, фторидтер- 1,5 ШЖШ), ауыр металдар (марганец(2+)– 112,0 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

**Қопа** көлінде суының температурасы 0°С, сутегі көрсеткіші – 8,01, судағы еріген оттегінің шоғыры – 10,74 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,15 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,4 ШЖШ), ауыр металдар (марганец(2+) – 5,1 ШЖШ, мырыш(2+) – 2,7 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар- 1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Зеренді** көлі суының температурасы 0°С, сутегі көрсеткіші 9,38, судағы еріген оттегінің шоғыры – 12,06 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,65 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар –

1,3 ШЖШ, магний – 1,6 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 4,3 ШЖШ), ауыр металдар (марганец(2+) – 2,8 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

**Беттібұлақ** өзені- су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші 7,89, судағы еріген оттегінің шоғыры – 10,41 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,16 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (фторидтер – 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (марганец(2+) – 1,4 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

**Бурабай** көлі – су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші 8,65, судағы еріген оттегінің шоғыры – 12,37 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,31 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (фторидтер – 5,9 ШЖШ), ауыр металдар (марганец(2+) – 2,7 ШЖШ, мыс(2+) – 1,3 ШЖШ) бойынша нормадан асуы байқалды.

**Үлкен Шабакты** көлінде су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші 8,82, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,72 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,99 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар – 2,9 ШЖШ, магний – 2,1 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 18,8 ШЖШ), ауыр металдар (марганец(2+) – 1,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Щучье** көлінде су температурасы 0 °C, сутегі көрсеткіші 8,46, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,41 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,31 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (фторидтер – 9,2 ШЖШ), ауыр металдар (марганец(2+) – 1,5 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

**Кіші Шабакты** көлі суының температурасы 0 °C, сутегі көрсеткіші – 8,80, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,40 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,82 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (хлоридтер – 6,3 ШЖШ, сульфаттар – 12,3 ШЖШ, магний – 10,1 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 18,8 ШЖШ, тұзды аммоний – 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (марганец(2+) – 4,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Карасье** көліндегі су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші 7,72, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,76 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,67 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (фторидтер – 3,8 ШЖШ, тұзды аммоний – 9,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалған.

**Сұлукөл** көлінде су температурасы 0°C, сутегі көрсеткіші 7,26, судағы еріген оттегінің шоғыры – 3,20 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 5,25 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 4,2 ШЖШ, жалпы темір – 7,6 ШЖШ, фторидтер – 5,5 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар- 1,5 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

**Жөкей** көлінде – су температурасы 0 °C, сутегі көрсеткіші – 8,99, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,43 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,49 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (хлоридтер – 7,1 ШЖШ, сульфаттар – 24,4 ШЖШ, магний – 12,9 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 6,0 ШЖШ, тұзды аммоний – 5,8 ШЖШ), ауыр металдар (марганец(2+)– 3,9 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар- 1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ақмола облысы су нысандарының су сапасы келесі түрде бағаланады: *«ластанудың орташа деңгейіндегі»* су – Есіл, Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Нұра Беттібұлақ өзендері, Вячеславское су қоймасы, Қопа, Зеренді көлдері; *«ластанудың жоғары деңгейіндегі»* су – Нұра-Есіл арнасы, Бурабай, Үлкен Шабакты, Щучье, Кіші Шабакты, Карасье, Сұлукөл, Жөкей көлдері;

*«ластанудың өте жоғары деңгейі»* - Қылшықты, Шағалалы өзендері.

2017 жылғы қаңтармен салыстырғанда су сапасы Бурабай, Сұлукөл көлдерінде нашарлаған; Сарыбұлақ өзенінде су сапасы жақсарған; Есіл, Ақбұлақ, Нұра, Беттібұлақ, Қылшықты, Шағалалы өзендері, Нұра-Есіл арнасында, Вячеславское су қоймасында, Зеренді, Қопа, Үлкен Шабакты, Щучье, Кіші Шабакты, Карасье көлдерінде айтарлықтай өзгерген жоқ.

Оттегіні 5 тәулікте биохимиялық тұтыну шамасы бойынша Ақбұлақ өзенінің су сапасы *«ластанудың өте жоғары деңгейінде»*, Сарыбұлақ өзені мен Сұлукөл көлінің су сапасы *«ластанудың орташа деңгейінде»*, қалған су нысандарында су *«нормативті-таза»* деп бағаланады.

2017 жылғы қаңтармен салыстырғанда ОБТ5 шамасы Ақбұлақ өзенінде нашарлаған, Қопа көлінде жақсарған, қалған су нысандарында айтарлықтай өзгерген жоқ.

Оттегі режимі бойынша Нұра-Есіл арнасында, Сұлукөл көлінде, Қылшықты өзенінде су сапасы *«ластанудың орташа деңгейінде»* деп бағаланады, ал қалған су нысандарында бірқалыпты болды.

2017 жылғы қаңтармен салыстырғанда оттегі режимі Нұра-Есіл арнасында, Қылшықты, Сұлукөл өзендерінде нашарлаған, ал қалған барлық су нысандарында айтарлықтай өзгермеген.

Ақмола облысы аумағында келесі жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары тіркелді: Ақбұлақ өзені – 1 ЭЖЛ, Үлкен Шабакты көлі – 1 ЖЛ жағдайы, Кіші Шабакты көлі – 3 ЖЛ жағдайы, Жөкей көлі -2 ЖЛ жағдайы, Қылшықты өзені – 1 ЖЛ және 2 ЭЖЛ жағдайы, Шағалалы өзені – 1 ЖЛ жағдайы және 1 ЭЖЛ жағдайы (кесте 5).

## **1.8 Ақмола облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 15 метеорологиялық станцияларда (Астана, Аршалы, Ақкөл, Атбасар, Балкашино, «Бурабай» КФМС, Егіндікөл, Ерейментау, Көкшетау, Қорғалжын, Степногорск, Жалтыр, Бурабай, Щучье, Шортанды) бақылау жүргізілді (1.5-сур.).

Елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,06 – 0,29 мкЗв/ч. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,14 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

## **1.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақмола облысында 5 метеорологиялық станцияда (Атбасар, Көкшетау, Степногор, Астана, «Боровое» КФМС) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (1.5-сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6 – 1,5 Бк/м<sup>2</sup> аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



1.5-сурет. Ақмола облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 2 Ақтөбе облысының қоршаған орта жай-күйі

### 2.1 Ақтөбе қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 6 стационарлық бекетте жүргізіледі (сурет.2.1, кесте 2.1).

Кесте 2.1

Бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын қоспаның аталуы

Бекет номері	Алу мерзімдері	Бақылау жүргізу	Бекеттер мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қолмен сынама лау (дискреттік әдіс)	Авиақалашық, 14	Қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
4	тәулігіне 3 рет	қолмен сынама лау (дискреттік әдіс)	Белинский көшесі, 1	Қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді,

				көміртек оксиді, азот диоксиді, күкіртсутек, формальдегид, хром
5			Ломоносов көшесі, 7	Қалқыма бөлшектер (шаң), көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, сульфаттар, формальдегид, хром
2	әрбір 20 минут сайын	үздіксіз режимде	Рысқұлов көшесі, 4 Г	Қалқыма бөлшектер РМ- 10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртсутек
3			Есет-батыр көшесі, 109А	Қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртсутек
6			ул. Жанкожа- батыра, 89	Қалқыма бөлшектер PM2,5, қалқыма бөлшектер РМ 10, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкіртсутек, аммиак



сурет.2.1. Ақтөбе қаласындағы атмосфералық ауаның ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу схемасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша, (сурет 2.1) қаладағы атмосфералық ауаның ластануы жоғары деңгейде сипатталды. Ол ЕЖҚ = 31 % (жоғары деңгей) №4 бекет аумағында (Белинский көшесі, 5) көміртегі оксиді мәнімен анықталды, СИ мәні 2-ге тең (көтеріңкі деңгей).

\* РД 52.04.667-2005 келісілгендей, егер СИ және ЕҚ әр түрлі градацияға сәйкес келегенде, атмосфералық ауаның ластану деңгейі ең жоғарғы көрсеткішпен есептеледі.

Озонның (жербеті) орташа айлық көрсеткіші – 1,6 ШЖШ<sub>от</sub> құрады, басқа ластанушы заттар көрсеткіші ШЖШ-дан аспады.

РМ 10 қалқыма бөлшектерінің максималды бір реттік концентрациясы – 1,9 ШЖШ<sub>м.б</sub>, көміртегі оксиді – 1,8 ШЖШ<sub>м.б</sub>, озон (жербеті) – 1,04 ШЖШ<sub>м.б</sub> құрады, басқа ластанушы заттар көрсеткіші ШЖШ-дан аспады (кесте-1).

Атмосфералық ауаның жоғары ластану және (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластануы (ЭЖЛ) байқалмады.

## 2.2 Қандағаш қаласының эпизодтық бақылауына сәйкес атмосфералық ауаның жай-күйі

Қандағаш қаласындағы атмосфералық ауаның ластануын бақылау 2 нүктеде жүргізілді (Нүкте №1 – Западная көшесі, нүкте №2 – Сейфуллина көшесі).

РМ 10 қалқыма бөлшектері, азот оксиді, азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, күкіртті сутек, аммиак және формальдегид мөлшерінің концентрациялары анықталды.

Бақылау мәліметтері бойынша барлық анықталған заттардың концентрациясы берілген шектің мүмкіндікте болды (кесте 2.2).

Қандыағаш қаласындағы зерттеулер бойынша ластаушы заттардың максималды концентрациясы

Анықталушы қоспалар	Сынама нүктелері			
	№1		№2	
	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> ПДК	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> ПДК
Қалқыма бөлшектер РМ 10	0,013	0,04	0,015	0,05
Күкір қостотығы	0,0	0,0	0,0	0,0
Көміртек тотығы	0,005	0,001	0,005	0,0
Азот қостотығы	0,004	0,02	0,026	0,13
Азот тотығы	0,0041	0,01	0,003	0,01
Күкіртсутек	0,0013	0,16	0,002	0,22
Аммиак	0,0026	0,013	0,003	0,01
Формалділік мөлшері	0,0	0,0	0,0	0,0

### 2.3 Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 1 су нысанында: Елек өзенінде жүргізілді.

Елек өзені – Жайық өзенінің көпсулы сол жақ саласы. Өзен суының су температурасы 0–0,4°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,50, судағы еріген оттегі концентрациясы – 10,27 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,54 мг/дм<sup>3</sup>. Негізі иондар (сульфаттар – 2,0 ШЖШ), биогенді заттар (бор(3+) – 19,9 ШЖШ), ауыр металдар (хром (6+) – 4,4 ШЖШ, хром(3+) – 2,0 ШЖШ, марганец (2+) – 2,4 ШЖШ), органикалық заттар (фенол – 1,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды.

Елек өзенінің су сапасы «ластанудың жоғары деңгейінде» деп бағаланады. 2017 жылғы қаңтармен салыстырғанда Елек өзенінің су сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ.

Ақтөбе облысы аумағындағы Елек өзенінде 3 ЖЛ жағдайы тіркелді (4-кесте).

### 2.4 Ақтөбе облысының радиациялық гамма-фонны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 7 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе, Қарауылгелді, Новоалексеевка, Родниковка, Уіл, Шалқар, Жағабұлақ) және Ақтөбе қаласының (№2 ЛББ, № 3 ЛББ) 2 автоматты бекетінде бақылау жүргізілді (2.2-сур.).

Елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,08 – 0,28 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

### 2.5 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақтөбе облысында 3 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе,

Қарауылгелді, Шалқар) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (2.2-сур.). Барлық станцияларда бестуәліктік сынамаларды алу жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7 – 1,5 Бк/м<sup>2</sup> аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



2.2-сурет. Ақтобе облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

### 3 Алматы облысының қоршаған орта жай-күйі

#### 3.1 Алматы қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 16 стационарлық бекетте жүргізілді (3.1-сур., 3.1-кесте).

3.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(ди скретті әдіс)	Амангелді к-сі. Сәтбаев к-сі бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенолдар, формальдегид
12	тәулігіне 3 рет		Райымбек даңғылы, Наурызбай батыр к-сі бұрышы	
16			Айнабұлақ-3 ш-а	
25			Ақсай-3 ш-а, Маречка к-сі, Б.Момышұлы к-сі бұрышы	
26			Тастақ-1 ш-а, Төле би к-сі, 249,	



Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
			ММ «№8 қалалық балалар емханасы»	
27 (жер үсті)	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Медеу метеостансасы, Горная к-сі, 548	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
28 (жер үсті)			аэрологиялық станса (Өуежай ауданы) Ахметов к-сі, 50	
29 (жер үсті)			Түркісіб ауданының ІДАБ Р. Зорге к-сі, 14	
30 (жер үсті)			«Шаңырақ» ш-а, №26 мектеп, Жанқожа батыр к-сі., 202	
31 (жер үсті)			Аль-Фараби даңғылы, Науаи к-сі бұрышы, Орбита ш-а («Зеленстрой» АҚ Дендропарк аймағы)	
1 (биік)			күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді	
2 (биік)	Бұрындай авиа, Аэродромная к-сі, 2В			
3 (биік)	Алматы Арена, Алғабас ш-а			
4 (биік)	№32 мектеп, Сүйінбай даңғылы			
5 (биік)	Халық арена, Кульжинский тракт, 2д			
6 (биік)	Жетісу әкімдігі, Серіков к-сі, 2А			



3.1-сурет. Алматы қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Қалада жалпы атмосфералық ауаның ластану деңгейі көтеріңкі болып бағаланды, СИ=3 күкірт диоксиді бойынша № 3-бекет (Алматы Арена, «Алғабас» ш-а) және ЕЖҚ=18,7% азот диоксиді №26 (Тастақ-1 ш-а, Төле би к-сі, 249, ММ «№8 қалалық балалар емханасы») аумағында анықталды.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) орташа айлық шоғырлары – 2,1 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, күкірт диоксиді – 1,2 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, азот диоксиді - 1,9 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, ауыр металдардың шамасы және басқа ластанушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды-бірлік шоғырлары – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірт диоксиді – 3,0 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері –2,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,6 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 2,1 ШЖШ<sub>м.т.</sub>, азот диоксиді – 1,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот оксиді – 1,7 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

### Алматы қаласы бойынша атмосфералық ауадағы ауыр металдардың шоғыры

Бекет мекен-жайы	Қоспалар	Орташа шоғыры	
		Q, мкг/м <sup>3</sup>	Q, ПДК
№ 1 – Амангелді к-сі, Сәтбаев к-сі бұрышы	Кадмий	0.000	0.00
	Қорғасын	0.021	0.07
	Күшән	0.000	0.00
	Хром	0.000	0.00

Бекет мекен-жайы	Қоспалар	Орташа шоғыры	
		Q, мкг/м <sup>3</sup>	Q, ПДК
	Мыс	0.021	0.01
	Никель	0.000	0.00
№12 – Райымбек даңғылы Наурызбай батыр к-сі қиылысы	Кадмий	0.000	0.00
	Қорғасын	0.012	0.04
	Күшән	0.003	0.01
	Хром	0.001	0.00
	Мыс	0.026	0.01
	Никель	0.003	0.00

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


### 3.2 Талдықорған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (3.2-сур., 3.2-кесте).

3.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Гагарин көш., 216 және Жабаев көшесі	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутек, аммиак, формальдегид
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Қонаев көш., 32	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, аммиак



3.2-сурет. Талдықорған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің (3.2-сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=3 және ЕЖҚ=19% (1, 2-сур.) азот оксиді мен күкірт диоксиді №1-бекет аумағында (Гагарин көш., 216 және Жабаев көшесі) анықталды.

Күкірт диоксидінің орташа айлық шоғырлары – 5,4 ШЖШ<sub>0.т.</sub>, азот диоксиді – 3,0 ШЖШ<sub>0.т.</sub>, азот оксиді – 4,5 ШЖШ<sub>0.т.</sub>, құрады, басқа ластанушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды-бірлік шоғырлары – 2,0 ШЖШ<sub>0.т.</sub>, күкірт диоксиді– 2,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 2,6 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 2,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот оксиді – 5,6 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 5,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, аммиак – 1,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

### 3.3 Алматы облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Алматы облысы аумағында жер үсті суларының ластануын бақылау 10 су нысанында (Іле, Текес, Қорғас, Лепсы, Аксу, Каратал, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, өзендері, Қапшағай) су қоймалары жүргізілді.

Іле өзенінің басы Қытай территориясы Тянь–Шань тау етегінен бастау алады және Қазақстанның ең ірі трансшекаралық өзендерінің бірі боп саналады. Алматы облысы аумағынан Балқаш өзенінің батыс бөлігіне құйылады. Текес, Шарын, Шілік, Түрген, Есік, Баянкөл, Қаскелен, Үлкен Алматы, Кіші Алматы өзендері Іле өзенінің сол жақ жағалаудағы саласы болып табылады. Есентай өзені Кіші Алматы өзенінің

тармағы. Қарқара және Темірлік өзендері Шарын өзенінің саласы. Қорғас өзені Іле өзенінің оң жақ жағалаудағы саласы болып саналады. Талғар өзені Қапшағай су қоймасына құяды. Қаратал, Ақсу, Лепсі, Балқаш көліне, Тентек, Жаманты, Ырғайты, Еміл, Қатынсу, Үржар, Егінсу өзендері, Алакөл көліне құйылады.

**Іле** өзенінде судың температурасы 0-0,5 °С, сутегі көрсеткіші 7,96, судағы еріген оттектің концентрациясы 12,4 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,84 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс 1,4 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 1,2 ШЖШ, жалпы темір 2,2 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

**Текес** өзенінде судың температурасы 0 °С, сутегі көрсеткіші 8,12, судағы еріген оттегінің шоғыры 12,0 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,17 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+) 2,5 ШЖШ, марганец 1,6 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 2,9 ШЖШ, жалпы темір 4,5 ШЖШ) және негізгі иондар (сульфаттар 1,1 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

**Қорғас** өзенінде судың температурасы 0-1,3 °С, сутегі көрсеткіші 7,96, судағы еріген оттегінің шоғыры 13,1 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,07 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+) 2,4 ШЖШ, марганец 1,4 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 1,1 ШЖШ, жалпы темір 4,0 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

**Қапшағай** су қоймасында судың температурасы 0,0 °С, сутегі көрсеткіші 8,08, судағы еріген оттегінің шоғыры 13,1 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,85 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+) 2,3 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір 3,2 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

**Лепсы** өзенінде судың температурасы 0 °С, сутегі көрсеткіші 7,90, судағы еріген оттегінің шоғыры 12,0 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,05 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+) 3,8 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір 2,1 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

**Ақсу** өзенінде судың температурасы 0 °С, сутегі көрсеткіші 7,98, судағы еріген оттегінің шоғыры 12,8 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,2 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+) 2,7 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер 1,1 ШЖШ, жалпы темір 2,4 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

**Қаратал** өзенінде судың температурасы 0 °С, сутегі көрсеткіші 8,11, судағы еріген оттегінің шоғыры 12,6 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,3 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+) 2,7 ШЖШ, марганец 1,3 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір 1,6 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

**Кіші Алматы** судың температурасы 0,7-1 °С, сутегі көрсеткіші 8,0, еріген оттегінің шоғыры 12,7 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,83 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (нитритті азот 3,9 ШЖШ, нитратті азот 1,5 ШЖШ, фторидтер 1,4 ШЖШ, тұзды аммоний 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 1,3 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

**Үлкен Алматы** өзенінде судың температурасы 0,2-0,6 °С, сутегі көрсеткіші 8,04, еріген оттегінің шоғыры 11,9 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,30 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (фторидтер 1,5 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 1,5 ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

**Есентай** өзенінде судың температурасы 0,2-0,3 °С, сутегі көрсеткіші 8,25, еріген оттегінің шоғыры 11,7 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,55 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (нитритті

азот 1,3 ШЖШ, фторидтер 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 1,7 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Су нысандарының су сапасы келесі түрде бағаланады: «ластанудың орташа деңгейі» – Іле, Текес, Лепсы, Ақсу, Каратал, Кіші Алматы, Үлкен Алматы, Есентай, Қорғас өзендері, Қапшағай су қоймасы.

2017 жылдың қантар айымен салыстырғанда су сапасы Іле, Есентай, Үлкен Алматы, Кіші Алматы, Қорғас өзендерінде, Қапшағай, су қоймасында айтарлықтай өзгермеген; Текес өзенінде жақсарған (4-кесте).

### **3.4 Алматы облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 8 метеорологиялық станцияларда (Алматы, Бақанас, Қапшағай, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған, Сарыөзек) бақылау жүргізілді (3.3-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,04 – 0,28 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,16 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

### **3.5 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Алматы облысында 5 метеорологиялық станцияларда (Алматы, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (3.3-сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7 – 1,5 Бк/м<sup>2</sup> аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,0 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



3.3-сурет. Алматы облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

#### 4 Атырау облысының қоршаған ортаның ластану жай-күйі

##### 4.1 Атырау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (4.1-сур., 4.1-кесте).

4.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретт і әдіс)	Азаттық даңғ., Әуезов даңғ. бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, фенолдар, аммиак, формальдегид
5			Сәтбаев даңғ., мен Владимирская көш., бұрышы	
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Атырау филиалының жанында, ескі әуежай	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, аммиак, көміртегі диоксиді

8		Әуезов даңғылының ауданы	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, аммиак
9		Береке шағын ауданы, Береке өндірістік ауданы	күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірттісутегі, аммиак



4.1-сурет. Атырау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің (4.1-сур.) деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=3 № 6-бекет аумағында (Атырау филиалының жанында, ескі әуежай), ЕЖҚ=17% №1-бекет аумағында күкіртті сутегімен анықталды.

Озонның (жербеті) орташа айлық шоғырлары 1,5 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды-бірлік шоғырлары - 1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, озон (жербеті) – 1,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 2,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


#### 4.2 Құлсары қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (4.2-сур., 4.2-кесте).



## Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Құлсары метеостансасының маңында	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азотоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



4.2-сурет. Құлсары қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі төмен деңгейде болды (4.2-сурет), СИ мәні бойынша 1, ЕЖҚ= 0% бағаланды.

Озонның (жербеті) орташа айлық шоғырлары 1,8 ШЖШ<sub>от.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

### 4.3 Атырау облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Атырау облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 3 су нысанында Жайық, Шаронова, Қиғаш өзендерінде жүргізілді.

Жайық өзені Ресей Федерациясы аумағынан ағып шығып, БҚО және Атырау облысы аумақтарынан ағып өтіп, Каспий теңізіне Атырау облысы аумағына құяды.

Шаронова және Қиғаш өзендері Волга өзенінің төменгі ағысындағы, Қазақстан аумағы арқылы өтетін, тармақтары. Өзендер Атырау облысы аумағында Каспий теңізіне құяды.

**Жайық** өзенінде су температурасы  $0^{\circ}\text{C}$ , сутегі көрсеткіші – 8,2, судағы еріген оттегі шамасы –  $5,2 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{OBT}_5$  –  $2,5 \text{ мг/дм}^3$  құраған.

Негізгі иондар (сульфаттар – 1,1 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 2,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Шаронова** өзенінде су температурасы  $0^{\circ}\text{C}$ , сутегі көрсеткіші – 8,2, судағы еріген оттегі шамасы –  $5,5 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{OBT}_5$  –  $2,4 \text{ мг/дм}^3$ . Шекті жол берілген шоғырдан асу тіркелмеген.

**Қиғаш** өзенінде су температурасы  $0^{\circ}\text{C}$ , сутегі көрсеткіші – 8,19, судағы еріген оттегі шамасы –  $5,5 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{OBT}_5$  –  $2,6 \text{ мг/дм}^3$ . Шекті жол берілген шоғырдан асу тіркелмеген.

СЛКИ бойынша су сапасы Жайық өзенінде – «ластанудың орташа деңгейі» деп бағаланады, Шаронова, Қиғаш өзендерінде – «нормативті таза» деп бағаланады.

2017 жылғы қаңтармен салыстырғанда Жайық өзенінде су сапасы нашарлаған, Қиғаш өзенінде жақсарған, Шаронова өзенінде су сапасы айтарлықтай өзгермеген (4-кесте).

#### 4.4 Атырау облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияда (Атырау, Пешной, Құлсары) және Құлсары қаласындағы 1 автоматты бекетте (№7 ЛББ) жүргізілді (4.3-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні  $0,07 - 0,18 \text{ мкЗв/сағ.}$  аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні  $0,11 \text{ мкЗв/сағ.}$ , яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

#### 4.5 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Атырау облысында 1 метеорологиялық станцияда (Атырау) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (4.3-сур.). Станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы  $0,8 - 1,7 \text{ Бк/м}^2$  аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы  $1,2 \text{ Бк/м}^2$ , бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



4.3-сурет. Атырау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 5 Шығыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі

### 5.1 Өскемен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (5.1-сур., 5.1-кесте).

5.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Рабочая көшесі, 6	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутегі, фенол, фторлы сутек, хлор, хлоры сутек, формальдегид, күкірт қышқылы, күшәнның анықталмаған қосындысы,
5			Қайсенов көшесі, 30	
7			Первооктябрьская көшесі, 126 (Защита стансасы)	
8			Егорова көшесі, 6	
12			Сәтбаев даңғылы, 12	

				бенз(а)пирен, гамма-фон. №1,5,7 ЛББ: бериллий, кадмий, мыс, қорғасын, мырыш
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Питер- Коммунаркөшесі, 18	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан
3			Ворошилов көшесі, 79	



5.1-сурет. Өскемен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің (5.1-сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану *өте жоғары деңгейі* болып бағаланды, СИ=93 (>10 жоғары деңгейі).

\*2018 жылғы 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 15, 19, 20, 21, 24, 25, 27, 28, 29, 30, 31 қаңтарда №2 (Питер-Коммунар көшесі, 18), №3 (Ворошилов көшесі, 79) автоматтық бекеттерде мәліметі бойынша күкіртті сутегінен 576 жоғары ластану жағдайлары

(10,0-49,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub>) және 2018 жылғы 3, 27, 27, 31 қаңтарда күкіртті сутегінен 18 экстремалды жоғары ластану жағдайлары анықталды (51,0-92,7 ШЖШ<sub>м.б.</sub>) (2-ші кесте).

\* БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) орташа айлық шоғырлары - 1,3 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектердің - 1,7 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, күкірт диоксиді – 2,9 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, азот диоксиді – 2,3 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, фторлы сутек – 1,8 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, қорғасын – 1,5 ШЖШ құрады, басқа ластанушы заттар мөлшері және ауыр металдар ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды-бірлік шоғырлары – 2,6 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектер бойынша 1,7 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірт диоксиді – 4,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 2,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 2,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 92,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фенол – 1,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фторлы сутек – 1,6 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


## 5.2 Риддер қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (5.2-сур., 5.2-кесте).

5.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Островский көшесі, 13А	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид, күшән
6			Клинка көшесі, 7	
3	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	9 мая көшесі,7	РМ-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак, көмір сутегісінің соммасы, метан



5.2-сурет. Риддер қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері (5.2-сур.) бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі жоғары болып бағаланды, СИ=5 және ЕЖҚ=26% (1, 2-сур.) күкіртті сутегінен №3 (9 мая көшесі,7) аумағында анықталды.

PM-10 қалқыма бөлшектердің орташа айлық шоғырлары – 1,7 ШЖШ<sub>0.т.</sub> құрады, басқа ластанушы заттар мөлшері ШЖШ-дан аспады.

PM-10 қалқыма максималды-бірлік шоғырлары – 1,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот оксиді-3,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сүтегі -4,99 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

### 5.3 Семей қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (5.3-сур., 5.3-кесте).

5.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	кол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Рысқұлов пен Глинка көшелерінің қиылысы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
4			343 квартал	қалқыма бөлшектер (шаң),

			(балабақша ауданы)	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Найманбаев көшесі, 189	көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак, көмір сутегісінің соммасы, метан
3			Аэрологиялық станция, 1	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак



5.3-сурет. Семей қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің (5.3-сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=3 №3 бекет аумағында (Аэрологиялық станция, 1 ауданы) PM-2,5 қалқыма бөлшектерімен, ЕЖҚ=12% (1, 2-сур.) №4 бекет аумағында (343 квартал (балабақша ауданы) фенолмен анықталды.

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің орташа айлық шоғырлары – 1,4 ШЖШ<sub>0.т.</sub>, фенол – 1,7 ШЖШ<sub>0.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды-бірлік шоғырлары – 1,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, PM-2,5 қалқыма бөлшектер – 3,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, PM-10 қалқыма бөлшектер – 1,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 1,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фенол – 1,7 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

#### 5.4 Глубокое кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (5.4-сур., 5.4-кесте).

5.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Ленин көшесі,15	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, азот диоксиді, фенол, күшән, гамма-фон
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Попович көшесі, 9 «А»	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



5.4-сурет. Глубокое кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің (5.4-сур.) деректері бойынша кенттің атмосфералық ауасы жалпы ластану жоғары деңгейі болып бағаланды, СИ=4 (1, 2-сур.) күкірт диоксидімен, аммиакпен және



ЕЖҚ= 27% күкіртті сутегімен №2-бекет аумағында (Попович көшесі, 9 «А») анықталды.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) орташа айлық шоғырлары 1,3 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, күкірт диоксиді – 1,6 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, азот диоксиді – 1,3 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, озон (жербеті) - 1,5 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Күкірт диоксидінің максималды-бірлік шоғырлары 3,9 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 1,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірт сүтегі – 3,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, аммиак – 3,7 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


### 5.5 Зырянов қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (5.5-сур., 5.5-кесте).

5.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Партизанская көшесі, 118	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді



5.5-сурет. Зырянов қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

*Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.* Стационарлық бақылау желісінің (5.5 - сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі төмен болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды.

Ластаушы заттардың орташа айлық және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

## 5.6 Шығыс Қазақстан обласы аумағындағы жер үсті су сапасы

Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 9 су нысанында жүргізіледі (Қара Ертіс, Ертіс, Бреска, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Бұқтырма, Емел өзендері).

**Қара Ертіс** өзенінде су температурасы 0,1 °С шегінде, сутек көрсеткіші 7,24, судағы еріген оттектің шоғыры 11,40 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 2,58 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+) 1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Ертіс** өзенінде су температурасы 0,1 °С – 0,5 °С шегінде, сутек көрсеткіші 7,77, судағы еріген оттектің шоғыры 10,30 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,39 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+) 1,7 ШЖШ, мырыш (2+) 1,6 ШЖШ, марганец (2+) 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Бұқтырма** өзенінде су температурасы 0,1 °С шегінде, сутек көрсеткіші 7,83, судағы еріген оттектің шоғыры 10,85 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,14 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (марганец (2+) 1,7 ШЖШ, мыс (2+) 1,5 ШЖШ, мырыш (2+) 1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Бреска** өзенінде су температурасы 0,1 °С шегінде, сутек көрсеткіші 7,36, судағы еріген оттектің шоғыры 10,85 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,20 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мырыш 8,5 ШЖШ, марганец (2+) 7,6 ШЖШ, мыс (2+) 4,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Тихая** өзенінде су температурасы 0,6 °С – 1,8 °С шегінде, сутек көрсеткіші 7,65, судағы еріген оттектің шоғыры 10,04 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 2,11 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (нитритті азот 3,3 ШЖШ, тұзды аммоний 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) 7,9 ШЖШ, мырыш (2+) 6,3 ШЖШ, мыс (2+) 4,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Үлбі** өзенінде су температурасы 0,1 °С шегінде, сутек көрсеткіші 7,61, судағы еріген оттектің шоғыры 11,48 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 2,02 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мырыш (2+) 29,9 ШЖШ, марганец (2+) 8,1, ШЖШ, мыс (2+) 2,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Глубочанка** өзенінде су температурасы 0,1 °С шегінде, сутек көрсеткіші 8,32, судағы еріген оттектің шоғыры 11,77 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,98 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (марганец (2+) 7,1 ШЖШ, мырыш (2+) 6,7 ШЖШ, мыс (2+) 2,9 ШЖШ,) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Красноярка** өзенінде су температурасы 0,1 °С шегінде, сутек көрсеткіші 8,33, судағы еріген оттектің шоғыры 11,25 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 2,33 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мырыш (2+) 18,1 ШЖШ, марганец (2+) 5,3 ШЖШ, мыс (2+) 3,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Оба** өзенінде су температурасы 0,1 °С шегінде, сутек көрсеткіші 7,42, судағы еріген оттектің шоғыры 7,42 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,82 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мырыш (2+) 2,0 ШЖШ, мыс (2+) 1,9 ШЖШ, марганец (2+) 1,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Емел** өзенінде су температурасы 0,1 °С шегінде, сутек көрсеткіші 8,18, судағы еріген оттектің шоғыры 6,02 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,88 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар 1,4 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 5,5 ШЖШ, тұзды аммоний 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 1,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Су нысандары суының сапасы келесідей бағаланады: *«ластанудың орташа деңгейі»* – Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Оба, Емел өзендері; *«ластанудың жоғары деңгейі»* – Брекса, Тихая, Глубочанка, Красноярка өзендері; *«ластанудың аса жоғары деңгейі»* – Үлбі өзендері.

2017 жылғы қаңтармен салыстырғанда Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Тихая, Глубочанка, Красноярка, Оба, Емел өзендерінде су сапасы айтарлықтай өзгермеген, Үлбі өзені – нашарлаған.

Облыс аумағында қаңтар айында келесі ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлары тіркелді: Брекса өзені – 2 ЖЛ, Үлбі өзені – 1 ЭЖЛ және 1 ЖЛ, Глубочанка – 1 ЖЛ, Красноярка өзені – 1 ЖЛ (5-кесте).

## **5.7 Шығыс Қазақстан обласы аумағындағы жер үсті суларының гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша сипаттамасы**

Қаңтар айында **Қара Ертіс** өз.беткі суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ, тірі дафниялар саны 96,7% құрады.

2018 ж. қаңтар айында **Ертіс өз.** алынған су сынамаcы тест–объектілерге өткір уытты әсер еткен жоқ, алайда «Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен (09)», және «Предгорное аул. шегінде; Красноярка өз. құйылысынан 1 км төмен» тұстамаларында дафниялардың шамалы өлуі тіркелді (3,3%). Қалған тұстамаларда тірі дафниялар саны 100% құрады.

2018ж. қаңтар айында **Бұқтырма өз.** алынған су сынамаcын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық әсері тіркелген жоқ, екі тұстамада да тірі дафниялар саны 100% құрады.

2018 жылдың қаңтар айында **Брекса өзенінен** алынған су сынамаcы тест–объектілерге өткір уытты әсер еткен жоқ. «Шубин көз қайнарының құйылысынан 0,5 км жоғары» орналасқан тұстамада өлген дафниялар табылған жоқ. Екінші «Риддер қ.шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км жоғары» орналасқан тұстамада өлген дафниялар саны 43,3% құрады.

2018 жылдың қаңтар айында **Тихая өзенінен** алынған су сынамаcы тест–объектілерге өткір уытты әсер еткен жоқ. «Қала шегінде; Безымянный өзенінің құйылуынан 0,1 км жоғары» тұстамада өлген дафниялар саны 6,7% құрады. Екінші «қала шегінде; сағадан 8 км жоғары» орналасқан тұстамада өлген дафниялар саны 3,3% құрады.

2018 жылдың қаңтар айында **Үлбі өзенінен** алынған су сынамалары биотестілеу нәтижесінде ерекшеленді. «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100 м жоғары» орналасқан тұстамада тірі қалған дафниялар саны 90% құрады, өткір уыттылық жоқ. Екінші «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 4,8 км төмен; автожол көпірі маңындағы» тұстамада өткір уыттылық тіркелді, өлген дафниялар саны 100% құрады.

2018ж. қаңтар айында Өскемен қ. шегіндегі **Үлбі өз.** алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ. «Каменный Карьер кенті шегіндегі» тұстамада тірі қалған дафниялар саны 100% құрады. «Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары (01)» және «Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары (09)» тұстамаларында дафниялардың шамалы өлуі тіркелді (3,3%).

2018ж. қаңтар айында **Глубочанка өз.** алынған су сынамалары тест-объектілерге өткір уытты әсер көрсеткен жоқ, алайда барлық тұстамаларда дафниялардың өлуі тіркелді. «Белоусовка а. тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 5,5 км жоғары» орналасқан тұстамада тірі дафниялар саны 100% құрады. «Белоусовка а. тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,5 км төмен» және «Глубокое аул шегінде; сағадан 0,3 км жоғары» тұстамаларында өлген дафниялар саны 43,3 және 20% сәйкес құрады.

2018 жылдың қаңтар айында **Красноярка өзенінен** алынған су сынамалары биотестілеу нәтижесінде ерекшеленді. «Ертіс кенішінен ағынды шаруашылық қалдық су төгінділерінен 1,5 км жоғары» орналасқан тұстамада өлген дафниялар саны 3,3% құрады, өткір уыттылық жоқ. Екінші «Березовка өз. құйылысынан 1 км төмен; автожол көпірі жанындағы» тұстамада өткір уыттылық тіркелді, өлген дафниялар саны 73,3% құрады.

2018 ж қаңтар айында **Оба өз.** алынған су сынамаларында өткір уытты әсер тіркелген жоқ. «Камышенка ауылы шегіндегі тұстамада өлген дафниялар саны 3,3% құрады», «Березовка өз. құйылысынан 1,8 км жоғары» орналасқан тұстамада өлген дафниялар табылған жоқ.

Қаңтар айында **Еміл өз.** беткі суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ, тірі дафниялар саны 100% құрады (6-қосымша).

## 5.8 Шығыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 17 метеорологиялық станцияларда (Ақжар, Аягөз, Дмитревка, Баршатас, Бақты, Зайсан, Жалғызтөбе, Катон-Қарағай, Көкпекті, Күршім, Риддер, Самарқа, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен, Шар, Шемонаиха) жүргізіледі (5.6-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,06 – 0,22 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

## 5.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 7 метеорологиялық станцияларда (Аягөз, Баршатас, Бақты, Зайсан, Көкпекті, Семей, Өскемен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (5.6-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6 – 1,6 Бк/м<sup>2</sup> аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



5.6-сурет. Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.


## 6 Жамбыл облысының қоршаған орта жай-күйі

### 6.1 Тараз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (6.1-сур., 6.1-кесте).

## Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Шымкент көшесі, 22	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид
2			Рысбек батыр көшесі, 15, Ниетқалиев көшесінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлысутек, формальдегид
3			Абай және Төле би көшелерінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлысутек, формальдегид, бенз(а)пирен
4			Байзақ батыр көшесі, 162	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, формальдегид
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, көміртегі диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірттісутегі, аммиак



6.1-сур. Тараз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасуының сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=2 көміртегі оксидімен №6-бекет аумағында (Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы), №2-бекет аумағында (Рысбек батыр көшесі, 15, Ниетқалиев көшесінің бұрышы), азот диоксидімен және қалқыма бөлшектерімен (шаң) №3-бекет аумағында (Абай және Төле би көшелерінің бұрышы) және ЕЖҚ=5% (1,2-сур.) азот диоксидімен және көміртегі оксидімен №2-бекет аумағында (Рысбек батыр көшесі, 15, Ниетқалиев көшесінің бұрышы) анықталды.

\* БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа айлық шоғырлары – 1,3 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, азот диоксиді – 1,9 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, құрады, басқа ластанушы заттар мен ауыр металдардың бар болуы ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды-бірлік шоғырлары – 1,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 2,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азота диоксиді – 1,6 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот оксиді-1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фторлысутек – 1,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

## 6.2 Жаңатас қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.2-сур., 6.2-кесте).

6.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20	үзіліссізрежимде	Тоқтаров көшесі, 27/1	PM-2,5 қалқыма бөлшектері,

	минут сайын		және 27-а	PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак
--	-------------	--	-----------	--



6.2-сурет. Жанатас қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=2 (көтеріңкі деңгей) PM 2,5 қалқыма бөлшектерімен және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды.

\* БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

Озонның (жербеті) орташа айлық шоғырлары – 2,0 ШЖШ<sub>от.</sub> құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды-бірлік шоғырлары шоғырлары – 1,6 ШЖШ<sub>мб.</sub> құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

### 6.3 Қаратау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.3-сур., 6.3-кесте).


6.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20	үзіліссіз	Тамды әулие,	PM-2,5 қалқыма бөлшектері,



	минут сайын	режимде	№130	PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, озон (жербеті)
--	-------------	---------	------	--



6.3-сурет. Қаратау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=4, ЕЖҚ=3% (1.2-сур.) PM-2,5 қалқыма бөлшектерімен анықталды.

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің орташа айлық ластаушы заттар шоғырлары - 1,6 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, PM-10 қалқыма бөлшектерінің шоғырлары – 1,2 ШЖШ<sub>о.т.</sub> озон (жербеті) - 2,3 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды-бірлік шоғырлары шоғырлары – 4,3 ШЖШ<sub>мб.</sub>, PM-10 қалқыма бөлшектері – 2,6 ШЖШ<sub>мб.</sub>, озон (жербеті)-1,1 ШЖШ<sub>мб.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


#### 6.4 Шу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.4-сур., 6.4-кесте).

6.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Шу қалалық ауруханасының маңында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак



6.4-сурет. Шу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.4-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=4 және ЕЖҚ=13% (1, 2-сур.) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері анықталды.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің орташа айлық шоғырлары – 2,4 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,7 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды-бірлік шоғырлары – 4,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 2,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


### 6.5 Қордай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.5-сур., 6.5-кесте).

6.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Жібек жолы көшесі, №496«А»	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак



6.5-сурет. Қордай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.5-сур.) атмосфералық ауаның жалпыластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% (1,2-сур.).

Озонінің (жербеті) орташа айлық шоғырлары -1,6 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Максималды-бірлік шоғырлары ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

## 6.6 Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 10 су нысанында жүргізіледі (Талас, Асса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері Тасөткел су қоймасы және Билікөл көлі).

Шу, Талас және Асса өзендерінің бассейн ағындары Қырғызстан Республикасы аумағында іс жүзінде толықтай белгілі нысанға келеді. Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері Шу өзенінің тармағы болып келеді.

**Талас** өзені суының температурасы 2,4 - 13,0<sup>0</sup>С аралығында, сутектік көрсеткіш 7,98, суда еріген оттегінің шоғыры 11,2 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 3,81 мг/дм<sup>3</sup>. Органикалық заттар (фенол 1,2 ШЖШ, мұнай өнімдері 1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Асса** өзені суының температурасы 3,6 - 7,0<sup>0</sup>С аралығында, сутектік көрсеткіш 8,10, суда еріген оттегінің шоғыры 11,0 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,95 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+) 1,5 ШЖШ, мырыш (2+) 1,5 ШЖШ), органикалық заттар (мұнай өнімдері 1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Берікқара** өзені суының температурасы 6,0<sup>0</sup>С сутектік көрсеткіш 8,05, суда еріген оттегінің шоғыры 10,4 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 2,53 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+) 2,0

ШЖШ, мырыш (2+) 3,0 ШЖШ, марганец (2+) 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Билікөл** көлі суының температурасы 5,0<sup>0</sup>С, сутектік көрсеткіш 8,20, суда еріген оттегінің шоғыры 11,1 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 15,9 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (магний 1,8 ШЖШ, сульфаттар 4,7 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер 1,2 ШЖШ, жалпы темір 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Шу** өзені суының температурасы 2,4 – 3,6<sup>0</sup>С аралығында, сутектік көрсеткіш 7,85, суда еріген оттегінің шоғыры 10,55 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 2,55 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (нитритті азот 1,8 ШЖШ, жалпы темір 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 7,5 ШЖШ, мырыш (2+) 2,5 ШЖШ және марганец (2+) 2,5 ШЖШ), органикалық заттар (мұнай өнімдері 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Аксу** өзені суының температурасы 2,6<sup>0</sup>С, сутектік көрсеткіш 8,15, суда еріген оттегінің шоғыры 12,3 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 2,92 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар 1,4 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер 2,0 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 4,0 ШЖШ, мырыш (2+) 1,1 ШЖШ, марганец (2+) 1,9 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Қарабалта** өзені суының температурасы 2,4<sup>0</sup>С, сутектік көрсеткіш 8,15, суда еріген оттегінің шоғыры 12,3 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 2,64 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (магний 1,9 ШЖШ, сульфаттар 3,0 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 1,2 ШЖШ, фторидтер 2,0 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 6,0 ШЖШ, марганец (2+) 3,5 ШЖШ), органикалық заттар (фенол 2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Тоқташ** өзені суының температурасы 2,2<sup>0</sup>С, сутектік көрсеткіш 7,90, суда еріген оттегінің шоғыры 12,3 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,94 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (магний 1,5 ШЖШ, сульфаттар 3,1 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 2,0 ШЖШ, фторидтер 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 4,0 ШЖШ, марганец (2+) 3,3 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 2,0 ШЖШ, мұнай өнімдері 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Сарықау** өзені суының температурасы 2,4<sup>0</sup>С, сутектік көрсеткіш 7,9, суда еріген оттегінің шоғыры 12,8 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 13,9 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (магний 1,8 ШЖШ, сульфаттар 3,3 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 1,2 ШЖШ, фторидтер 2,0 ШЖШ, жалпы темір 2,8 ШЖШ, тұзды аммоний 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 16,0 ШЖШ, мырыш (2+) 3,6 ШЖШ, марганец (2+) 2,8 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 2,0 ШЖШ, мұнай өнімдері 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Тасөткел** су қоймасы суының температурасы 3,4<sup>0</sup>С, сутектік көрсеткіш 7,95, суда еріген оттегінің шоғыры 13,0 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 3,36 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (нитритті азот 1,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 7,0 ШЖШ, мырыш (2+) 1,6 ШЖШ, марганец (2+) 4,2 ШЖШ), органикалық заттар (мұнай өнімдері 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Су нысандары суының сапасы келесідей бағаланады: «ластанудың жоғары деңгейі» – Сарықау өзені; «ластанудың орташа деңгейі» – Талас, Асса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ өзендері Тасөткел су қоймасы және Билікөл көлі.

2017 жылдың қаңтар айымен салыстырғанда Талас, Асса, Берікқара, Шу, Ақсу, Тоқташ өзендері, Тасөткел су қоймасы және Билікөл көлі – айтарлықтай өзгермеген; Сарықау өзені – нашарлаған; Қарабалта өзені – жақсарған.

ОБТ<sub>5</sub> бойынша Билікөл көлі және Сарықау өзені – «ластанудың өте жоғары деңгейі»; Талас өзені және Тасөткел су қоймасы – «ластанудың орташа деңгейі»; Асса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ өзендері – «нормативті таза».

